

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОНТЕКСІНДЕГІ  
ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ  
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ**

халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның  
материалдар жинағы  
25 сәуір 2023 жыл

**СТРАНЫ ВОСТОКА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ  
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ПРОБЛЕМЫ И НОВЫЕ  
ПОДХОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ**

сборник материалов  
международной научно-практической конференции  
25 апреля 2023 г.

collection of materials  
international scientific and practical conference  
**THE COUNTRIES OF THE EAST IN THE CONTEXT OF  
MODERN INTERNATIONAL RELATIONS: PROBLEMS AND  
NEW REQUIREMENTS FOR RESEARCH**

25 April, 2023

НҮР-СҰЛТАН  
2023

УДК 327  
ББК 66.4  
Қ22

**Ұйымдастыру комитеті**

**Төраға:**

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ басқарма төрағасы-ректор

**Төрағаның орынбасарлары:**

Мақыш С.Б., Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор  
Құрманғалиева Ж.Д., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерцияландыру және  
интернационалдандыру жөніндегі проректор

**Мүшелері:**

Қосыбаев М.М., Калиева А.Б., Биримкулова Г.У., Тулеубаева С.А., Әлібекұлы А.

**Құрастырған:** Әлібекұлы А.

**Қазіргі халықаралық қатынастар контексіндегі шығыс елдері: проблемалары және зерттеудің жаңа талаптары.** Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы – Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 112 бет.

**ISBN 978-601-337-866-4**

Бұл жинаққа қазіргі шығыс елдерін зерттеудің теориясы мен методологиясын, Таяу Шығыс, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азиядағы аймақтық мәселелерді, шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, әлеуметтік жағдайларын қарастырған ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың мақалалары енгізілді.

Жинақты шығыс елдерінің дамуы мен рухани құндылықтарына қызығушылық танытқан шығыстанушылар, аймақтанушылар, филологтар және тарихшылар ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында қолдана алады.

*Мақалалар авторлық редакцияда жарияланды.*

**ISBN 978-601-337-866-4**

**УДК 327  
ББК 66.4**



© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

3. Шоқай М. Китайский Туркестан /Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – VI том. – 524 бет + 4 бет жапсырма.
4. Найманқожа А. Қазақ. -1917. – 27 мамыр. – № 231.
5. Қазақ сиезінің ереуілдігі // Қазақ. - 1917. – 22 сәуір. – № 226.
6. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.– 9 –қор. – 1 т., 86–іс.
7. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. – 9-қор. – 1- т., 9–іс.
8. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. – 15-қор.-2-т., 422–іс.
9. Россия мұсылмандарының сиезі // Алаш. -1917. – 25 мамыр. – № 22.
10. Ішкі хабарлар //Қазақ. -1917. – 29 тамыз. - № 7.
11. Аққағаз. Аш-жалаңаштарға //Сарыарқа. – 1919. -2 (20) қаңтар. – № 64.
12. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. № 1044-қор. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті. 1-т., 11-іс.
13. Алаш азаматтарына // Қазақ. -1917. – 11 маусым. - № 233.
14. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. «Тарихи тұлғалар» сериясы. – Алматы: «Қазақстан, 1996. – 296 б.
15. Бірлік туы.1918-13(2) наурыз.- №25.
16. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. - 9-қор. -1-т., 51-іс.
17. Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год: (сб. документов и материалов). – Алматы: Қазақстан,1998. – (саяси көпшілік басылым).Т.1. –1998. – 423 б.

## ЖАҢА ҒАСЫРДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУДЫҢ БАҒЫТЫ МЕН БАҒДАРЫ

*Бекқожа Жылқыбекұлы<sup>1</sup>*  
bekhoja\_astana@mail.ru

**Аңдатпа:** Бұл мақала 21 ғасырдағы дамушы елдердің тәлім-тәрбие саласында тап болып отырған қоршаған орта тәрбиесі, «жер шары біздің ортақ отауымыз» екендігін дәріптеу туралы тәлім-тәрбиені, дәстүрлі моралдық тәлім-тәрбие негізінде адам мен адамның, адам мен қоғамның байланысын реттеп отыратын жаңа моралдық тәлім-тәрбиенің және адамгершілік тәлім-тәрбиесі ғылым-техниканы адамзат баласының қолбаласына айналдыру үрдісімен тығыз ұштастырылуы керек екендігін теориялық негізде сарапқа салып, осы негізде еліміздің оқу-ағарту беталысын айқындау қажет екендігін ескертеді.

**Түйін сөз:** Тәлім-тәрбие, 21 ғасыр, қоршаған орта, ғылым-техника, ұрпақ санасы

Көне ғасырдың аяқтап, жаңа ғасырдың басталуы адамзат баласына тағы да тың ізденістер мен жаңа бетбұрыстардың жоба-жоспарын қайтадан бір рет мұқият қарастырып шығуға мәжбүрлеп отыр. Өйткені ғылым-техника күн сайын тез қарқынмен дамып, оның құбылмалы құпиясын мұқият игеру барысында дер кезінде шешуге тиісті түймешек түйіндер арт-артынан туындап отыр. Сондықтан 21 ғасырдың даму беталысы өте зор, табысты да жемісті ғасыр болумен бірге, «бас ауыруы» да бастан асатын, байбалам ғасыр болып

---

<sup>1</sup> Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан.

отырғандығы да жасырын емес. Бұл арада заттық тұрмыс-тіршілігіміздің күн санап жақсаруымен бірге рухани дүниеміздің барған сайын құлазып, ұлттық мәдениетіміздің өзегіне «қарабас құрт» түсу мүмкіншілігінің де өте зор екендігін ерекше ескеруге тура келеді. Сол себепті 21 ғасырдағы оқу-ағарту ісінің даму беталысының негізгі мақсаттары қалай болады деген сұрау өз-өзінен туындайтындығы сөзсіз. Біз енді осы мәселелер төңірегінде нақтылы ізденіс жасайтын болсақ, онда төмендегі мына түйіндерге баса назар аударуымыз керек.

Бірінші, қоршаған орта тәрбиесі – адам мен табиғат дүниесінің қайшылық-қақтығыстарын ымыраға келтіруге бағытталатындығын жете түсінуіміз керек. Бұған мысал ретінде «топырақтың қарқынды ластануына өндірістің қалдықтары, лақтырындылары мен газ-түтін шығуы себеп болады. Топырақ адам денсаулығына барынша қауіпті ластанушы заттарды, мысалы, ауыр металдарды жинауға бейім» [1, 163] тұратындығын айта кету артық болмас. Адам мен ұлы табиғаттың осындай қақтығыстарын шешуде заң шығару мекемелері, жергілікті әкімшілік басқару жүйесі және қоршаған ортаны қорғау қатарлы ұйымдар белсенді рөл атқарып жүр десек те, бірақ оның бәрі де адамдардың саналы көзқарас тіктеу жақтағы белсенділігіне әлі ауыса қоймағандығы себепті, оның нәтижесі көрнекті болмай келеді. Сондықтан қоршаған орта жайлы тәлім-тәрбие 21 ғасырдағы оқу-ағарту ісінің маңызды бір бөлігі болуға тиіс. Өйткені қоршаған орта тәлім-тәрбиесі әлемдік тұрғыдағы адамзат баласына ортақ мәселенің түйіні болғандықтан, 20 ғасырдың өзінде-ақ жан-жақтылы зерттеліп, кемелді бір жүйеге түсіп үлгірген болатын. Оның негізгі мазмұны, біріншіден, қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми негізіне терең үңілу тәлім-тәрбиесі болса, екіншіден, қоршаған ортаны қорғау туралы заң-түзімдерді оқып-үйренуді жаппай жалпыластыру тәлім-тәрбиесі, ал үшіншіден, қоршаған ортаны қорғау этикасын саналы түрде қалыптастыру тәлім-тәрбиесі болып айқындалды. Бұлардың алдыңғы екеуі қоршаған ортаны қорғау тәлім-тәрбиесінің негізі болса, соңғысы - оның ұйтқысы. Сондықтан біз қоршаған ортаны қорғау тәлім-тәрбиесін жастар мен жас өспірімдерді ғана нысана еткен түрде жүргізіп қоймай, жаппай қоғамдық ауқым негізінде барлық азаматтарға бағыттағанымыз жөн.

Екіншіден, «жер шары біздің ортақ отауымыз» екендігін дәріптеу туралы тәлім-тәрбиені жетілдіру – бейбіт қатар өмір сүрудің және үздіксіз дамудың тетігі екендігін айқын аңғаруымыз керек. Олай болса, бұл тәлім-тәрбиені қалай қолға алғанда, дүниенің жаңа даму беталысының алып ағысына сәйкесе алуға болады? Бұл мәселені шешу үшін төмендегі мына түйіндерге баса назар аудару керек сияқты:

I. Бейбітшілік тәлім-тәрбиесі. Біз 20 ғасырдағы қилы-қилы, бұралаң тарихымызға көз жүгіртер болсақ, онда оның мемлекеттер мен аймақтардың және ұлттар мен ұлыстар арасындағы өзара қарама-қарсылықтар мен қанды қақтығыстардың тарихы екендігін айқын аңғара аламыз. Оған мысал ретінде, «Адам баласы уақыт озған сайын ұлағатын оздырған шығар десек, қыр астында қол бұлғап тұрған 20 ғасырдың қатыгездігінен төбе құйқаң шымырлайды. Осы ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыстың алғашқысында 10 миллион, соңғысында 50 миллион адам қаза болды. Коммунистік режимнің концлагерлері мен аштықта 15 миллион боздақ азаппен өлді. Бақ таласы мен тақ таласы шырқау шегіне жетті. Жүзжылдықтың ішінде мемлекет басшыларына 185 рет қастандық жасалды. Адам өзді-өзін қырып жоюдың ғаламдық қуаттағы қару-жарағын ойлап тапты» [2] деген дәйекті көлденең тартуға болады. Сондықтан біз «жасылшардың ортақ тұрғыны» санасын шығар түйін ете отырып, бейбітшілік туралы тәлім-тәрбиені кең көлемде жүргізу жаңа осы ғасырдың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі деп ұғынуымыз керек. Оның нақтылы мазмұндары төмендегідей негізгі түйіндерден айқын көрнектіленеді:

Ең алдымен, халықаралық бейбіт қатар түру тәлім-тәрбиесі арқылы, тәрбиеленушілердің «жасылшардың ортақ тұрғыны» санасын жетілдіру. Одан соң тәрбиеленушілерге әрқандай бір елдің бақытты өмір сүруі мен оның тағдырына назар

аударып, оны құрметтеуге баулумен бірге жершарындағы барлық адамзат баласының ортақ мүддесін қалыптастыру көзқарасын тіктеуге қол жеткізу. Ал үшіншіден, барлық тәрбиеленушілерді дүниенің беибітшілігін жан сала қорғауға тырысатын әрі оның орнықтылығын кемелдендіруге атсалысатын саналы азаматтар етіп тәрбиелеп жетілдіруге күш салу болып табылады.

II. Ортақ даму тәлім-тәрбиесі. Ортақ даму тәлім-тәрбиесінің мақсаты – тар мағынадағы өзімшілдік пен менменсу көзқарасын жеңумен бірге олардың санасында «жасылшар - жаннат бесігім» деп есептейтін көзқарас орнату арқылы даму үстіндегі елдерге барынша көмектесе отырып, адамзат баласының ортақ дамуын жүзеге асыру болып табылады. Оның нақтылы мазмұндары төмендегі мына жақтардан айқын көрінеді: (1). Адамзаттың ортақ мүддесі бірінші орында тұру. (2). Басқалардың өмір сүру құқығы мен даму құқығын құрметтеу. (3). Әркімнің өзіндік даму беталысының шынайылығын мойындау (4). Даму үстіндегі елдердің өзінің даму санасын жетілдіруіне көмектесу. (5). Кеңпейіл болумен бірге өзін-өзі тежей алатын және бейбіт қатар тұру санасын орнату. Осы тұрғыдан алып айтқанда, «баланың организм ретінде дамуы мен оның жеке тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы іске асады» [3, 98] деген қағиданы ұстана отырып, оларды адамзаттық бір үйектік санада ортақ даму тәлім-тәрбиесі негізінде тәрбиелеуде олардың белсенділігін дұрыс пайдалана алатын болсақ, онда біз ұрпағымызбен мақтана алатын дәрежеге жетеміз.

Үшінші, дәстүрлі моралдық тәлім-тәрбие негізінде адам мен адамның, адам мен қоғамның байланысын реттеп отыратын жаңа моралдық тәлім-тәрбиені қалыптастыру және оны дәйектілендіруді күшейту керек. Қазір біз көз тігіп отырған ғылым-техниканың дамуы адамзаттың дәстүрлі мәдениетінің күн санап күңгірт тартуына апарып соғып, адамдардың ішкі көңіл-күй дүниесі мен қоғамдық тұрмыс-тіршілік көкжиегіне үрей бұлтының үйірілуін жарыққа шығаруда. Оның үстіне адамдардың қоғамдық қимылы мен қоғамдық құрылымы да өзінің қалыпты беталысынан ауытқып, табиғи дамудың әуелгі әуені мен мәндік өлшемі де күн санап күрделілене түсуде. Машина адам мен электронды есептеу машинасының яғни смартфон мен IT технологиялар жүйесінің қылмысқа араласуы, улы шегімдіктер мен қарақолдардың және лаңкестердің әлегі, гендік ізденістер мен клондау техникасының дамуы қатарлылардың бәрі де адамзат баласына ауыр дағдарыстар алып келді. Егер адамзат баласы бұл жаңадан туындап отырған моралдық мәселелерге дер кезінде нақтылы шаралар қолданбай, осы даму беталысымен үздіксіз алға ілгерлей беретін болса, онда 21 ғасырда адамзат баласы ең үрейлі де қорқынышты, әдепсіздік жайлаған ортада өмір сүретін болады. Сондықтан 21 ғасырдағы тәлім-тәрбие дәстүрлі ақылақтық тәрбиені мықтап қолға алумен бірге жаңа моральдық тәлім-тәрбиенің нақтылы мақсат-міндеті мен өлшемдерін де айқындауы керек. Сонда ғана адам мен адамның, адам мен қоғамның қарым-қатынасының белсенді рөлін толық сәулелендіруге болады.

Төртінші, адамгершілік тәлім-тәрбиесі ғылым-техниканы адамзат баласының қолбаласына айналдыру үрдісімен тығыз ұштастырылуы керек. 21 ғасырдағы тәлім-тәрбие бастан ақыр адамгершілік туын биік көтеріп, оны тәлім-тәрбие мен оқу-ағартудың негізгі ұйтқысына айналдырумен қатар ғылымға көзсіз табынушылық санасына жол бермей, ғылым-техниканың жетістіктерін адамзат баласы үшін ұнамды жақтарға пайдаланып, оның адамзат қоғамының табиғи даму заңдылығы мен адамның адамдық ар-ұждан көгалын таптауына және ұлттық дәстүрдің өзіндік қажеттілік талабынан шығу мүддесіне қол сұғуына жол бермеуіміз керек.

Бүгінгі күні адамзат баласы табиғаттың жазымыштық жаратылысын өз еркінше өзгертуге, оның негізгі заңдылықтарына қарсы келіп, қаралауға болмайтындығының сырын аңғара бастады деген күннің өзінде де, әсіресе, дамуды «қалтаны қампайту» деп түсінетін даму үстіндегі еліктегіш елдердің бұл мәселеге көңіл аудармай отырғандығы бізді қатты

мазалайды. Өйткені «кемедегінің жаны бір» демекеші азон қабатынан иненің жасуындай жыртықтың байқала бастауының өзі-ақ оның ғылыми негізі мен үрейлі нәтижесіне бойлай алатын саналы адамдар үшін қаралы қасіреттің басы екендігі жасырын емес. Оның үстіне жаһандану сынды қашып құтылуға болмайтын бұғалықтың бұғауынан қалай жалтарып өтудің өзі де жан саны саусақпен санарлық елдер үшін де жеңіл-желпі шаруа емес. Қақтығыстар мен қантөгістердің әуре-сарсаң әлегі де кеттім-бардым көзімен елеусіз қарайтын кезеңнен өтіп барады. Рухани жақтан азғындауға бетала бастаған әлемдік әлектердің азабы да, көз алдымызда сайран сала бастауға әзір тұрғандығы, нақтылап айтқанда, «тек адамзат өмірі ғана емес, жер бетіндегі тіршілік біткен құрып кету қаупіне келіп тіреліп тұрғандай» [4] үрейлі кезеңде өмір сүріп отырғандығымыз айдан анық. Сондықтан 21 ғасырдағы оқу-ағартудың бағыт-бағдары ерекше бір жоспарлы жүйеде өнім беретіндей өзекпен, нақтылап айтқанда, адамзат баласын мысықтабандап келе жатқан пәле-қазадан құтқарудың жоралғы-жолын қарастыратын амал-шарамен айқындалуы керек. Әсіресе бұл жөнінде егемендікке енді ғана еңсесі жеткен, даму үстіндегі, зайырлы, ұлттық мемлекеттер баса назар аудармайтын болса, онда олардың басқа ірі елдердің жетегінде кетіп, олардың қолына су құйып беретін, қолбаласы болып кету қаупі өте зор екендігін ерекше аңғаруымыз керек.

Қысқасы, біз жалпы «ел болып, жұрт болып жастарды өзгеге емес, өнегеге; тәлпіштікке емес, тәрбиелілікке; көргенсіздікке емес, көрегенділікке; әдепсіздікке емес, әдептілікке; қатыгездікке емес, мейірімділікке; тексіздікке емес, тектілікке; опасыздыққа емес, отаншылдыққа баули алсақ болар еді» [ 5 ] деген қатаң қағиданы берік ұстанып, қасиетті еліміз бен жеріміздің өнегелі де өрелі иесі етіп тәрбиелеуді мықтап қолға алуымызға тура келіп отыр. Сол себепті де біз 21 ғасырдағы ұлттық оқу-ағартуымыздың бағыт-бағдарын жоғарыда көрсетіп өткендей мазмұндармен толықтырып байытуға мұқтаж екендігімізді ерекше атап өтуге міндеттіміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ишмұхаммедова Н. Б. «Экология негіздері бойынша білімді қалыптастыру мен дамытудың әдістемесі». - Алматы: «Ғылым», 2006, -280 б
2. Алдан Смайыл. Ғабең және адамтану. //Қазақ әдебиеті газеті. 2005, 28 қаңтар. 6 б.
3. Қадыржан Сейталиев. «Педагогиканың жалпы негіздері». Оқу құралы. - Алматы: «Өлке», 2009, 232 б.
4. Нұрғожа О. Қос өркениет қайшылықтары. //Жаңа Сарыарқа журналы. 2004, № 5, 42 б.
5. М. Жолдасбеков. Сөзді ұғатын кез келді. //Егемен Қазақстан. 2005, 25 қаңтар, 5 б.